

«ОҚУ МАҚСАТЫНА САЙ ТАПСЫРМА ҚҰРАСТЫРУ» ТАҚЫРЫБЫНДА ӨТКЕН КОУЧИНГ ЕСЕБІ

Өткізілген күні: 09.01.2026 ж.

Өткізілген орны: Астана қаласы Ж.Жабаев атындағы № 4 мектеп-гимназия

Қатысушылар: Педагог-модераторлар

Ұйымдастырушылар: Мектеп-гимназия директорының бейіндік оқыту жұмысы жөніндегі орынбасары А.Т.Көшметова, тренер Б.Ғ.Ғалымжанов

Коучингтің мақсаты: Педагог-модераторларға оқу мақсатына сәйкес тапсырма құрастырудың тиімді жолдарын меңгерту, сабақтағы тапсырмалардың мақсатпен сәйкестігін арттыру.

Міндеттері: а) Оқу мақсаты мен тапсырма арасындағы байланысты түсіндіру; ә) SMART қағидатына сай мақсат қоюды қарастыру; б) Деңгейлік және сараланған тапсырмалар құрастыру дағдыларын дамыту; в) Қалыптастырушы бағалаумен байланыстыру жолдарын көрсету.

Коучинг барысында Коуч коучингтің мақсаты мен күтілетін нәтижелерін таныстырып, қатысушыларды топтастырды. «Миға шабуыл» әдісі арқылы оқу мақсатына сай тапсырма қандай болуы керектігі туралы ой-пікірлер жинақталды.

Коуч оқу мақсатының құрылымына тоқталды. Оқу мақсаты: а) Нақты; ә) Өлшенетін; б) Қолжетімді; в) Нәтижеге бағытталған болуы керектігі түсіндірілді. Сонымен қатар, тапсырма құрастыру кезінде ескерілетін талаптар айтылды, олар: а) Оқу мақсатына сәйкестік; ә) Оқушының жас ерекшелігі; б) Ойлау деңгейі (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау); в) Бағалау критерийлерімен байланысы. Қатысушылар топтық жұмыс барысында: Берілген оқу мақсатына сай тапсырмалар құрастырды; дескрипторлар әзірледі; сараланған тапсырмалардың үлгісін жасады; тапсырмаларды бағалау критерийлерімен сәйкестендірді. Әр топ өз жұмыстарын қорғап, талдау жасалды. Қатысушылар тапсырмаларды талдау барысында оқу мақсаты мен тапсырманың өзара байланысының маңыздылығын атап өтті.

Кері байланыс парақтары арқылы ұсыныстар жиналды. Коучинг барысында мұғалімдер оқу мақсатына сай тапсырма құрастырудың негізгі қағидаларын меңгерді. Практикалық жұмыстар арқылы өз тәжірибелерін жетілдірді. Алдағы уақытта: а) Сабақ жоспарларында оқу мақсатына сай тапсырмалар жүйелі түрде құрастырылатын болады; ә) Қалыптастырушы бағалау құралдары жетілдіріледі; б) Әдістемелік бірлестік отырыстарында тәжірибе алмасу жалғасады.

Есепті дайындаған: А.Т.Көшметова

Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия директорының
бейіндік оқыту жұмысы жөніндегі орынбасары